



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*2022 жылғы Қазақстан Республикасының  
ұлттық шоттары*

## Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-кіріспе
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негіз
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланымдар саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау типін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақтылылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

Жинақтау шоттары және қосалқы шоттар басқармасы

### S.1.3 Байланыс адамының аты-жөні

Бектұрова Тоғжан Жәнібекқызы

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Накыпбеков Әсет Ерікұлы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Астана қ., Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8,  
4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

to.bekturova@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74-93-04

## S.2 Кіріспе-Өзектілігі

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) – бұл экономикалық теорияның принциптеріне негізделген нақты макродеңгейдегі шоттарды жүргізу және есептеу ережелеріне сәйкес экономикалық қызметтердің көрсеткіштерін есептеуге арналған халықаралық деңгейде келісілген ұсыныстардың стандартты жиынтығы. Бұл ұсыныстар халықаралық деңгейде келісілген есептеу стандартын құрайтын тұжырымдамалар, анықтамалар, жіктемелер және шоттарды жүргізу ережелері жүйесі түрінде тұжырымдалған.

ҰШЖ шоттары белгілі бір уақыттағы экономиканың жай-күйінің суретін ғана емес, өйткені іс жүзінде шоттар дәйекті түрде ауыспалы уақыт кезеңдері үшін құрастырылады да, уақыт өте келе экономикалық нәтижелерді бақылау, талдау және бағалау үшін таптырмас ақпараттың үздіксіз ағынын қамтамасыз етеді. ҰШЖ белгілі бір уақыт кезеңіндегі экономикалық қызмет туралы ғана емес, сонымен бірге белгілі бір уақыт кезеңіндегі экономиканың активтері мен міндеттемелерінің деңгейлері және сол арқылы ел тұрғындарының байлығы туралы ақпарат береді. Сонымен қатар, ҰШЖ белгілі бір елдің ұлттық экономикасы мен басқа елдермен байланыстарды көрсететін сыртқы операциялар шотын қамтиды.

Негізгі пайдаланушылар мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар (Еуразиялық экономикалық комиссия, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті) және басқалар болып табылады.

2022 жылғы «Қазақстан Республикасының Ұлттық шоттары» электрондық кестелердің соңғы жарияланымы 2023 жылы 2022 жыл үшін болды.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

Қолданылмайды

#### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

Қолданылмайды

#### S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

Қолданылмайды

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Тауарлар мен қызметтердің шоты өзіндік жиынтық кесте болып табылады. Ол басқа да барлық шоттар сияқты екі бөліктен тұрады: «ресурстар» бөлігінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің шығарылымы және импорты, өнімдерге және импортқа салынған салықтар, өнімдерге арналған субсидиялар, ал «пайдалану» бөлігінде – тұтынуға (аралық және түпкілікті) арналған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің пайдалану көлемі, жалпы қорланым, экспорт көрсетіледі. Өндіріс шоты тікелей өндіру процесіне қатысты операцияларды қамтып көрсетеді. Бұл шотта экономика дамуының жинақтап қорытылған аса маңызды көрсеткіштерін – жалпы ішкі өнімді есептеп шығарудың негізін құрайтын қосылған құн анықталады. Кірістердің құралу шоты тауарлар және көрсетілетін қызметтер өндірісіне қатысатын институционалдық бірліктер-резиденттердің бастапқы кірістер төлемін көрсетеді. Бастапқы кірістерді бөлу шоты резиденттер арасындағы (институционалдық бірліктер немесе секторлар) өндірістік қызмет пен меншіктен алынған бастапқы кіріст бөлуді сипаттайды. Кірістерді қайталама бөлу шоты ағымдағы трансферттердің түсуі және табысталуы нәтижесінде секторлардың бастапқы кіріс сальдосының олардың қолдағы кірісіне айналуын көрсетеді. Нақты нысандағы кірістерді қайта бөлу шоты мемлекеттік басқару органдары, әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың (ҮШҚКЕҰ) резидент-үй шаруашылықтарына беретін нақты нысандағы әлеуметтік трансферттерді бейнелейді.

Қолда бар кірісті пайдалану шоты үй шаруашылықтарының, мемлекеттік басқару органдарының және ҮШҚКЕҰ қолда бар кірісті түпкілікті тұтыну мен үнемдеу шығындары арасында қалай бөлетінін көрсетеді. Капиталы бар операциялар шоты төрт жинақтау шотының біріншісі болып табылады. Оның функциясына

қаржылық емес активтермен операцияларды есепке алу кіреді. Бұл операциялар жаңа немесе қолданыстағы қаржылық емес активтерді сатып алудан және қолданыстағы қаржылық емес активтерді шығарудан немесе көбейтуден тұрады. Әлемнің қалған бөлігі экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша резидент-институционалдық бірліктер-резиденттер мен бірліктер-бейрезиденттер арасындағы барлық операцияларды көрсетеді.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Төмендегідей жіктеуіштер пайдаланылады:

Экономика секторларының жіктеуіші, Мемлекеттік басқару органдарының функциялары жіктеуіші, Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуіші, 2008 жылы Ұлттық шоттар жүйесімен сәйкес әзірлеген, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының статистикалық жіктеуіші.

Жіктеуіштер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында, Негізгі // Статистикалық жіктеулер// Ұлттық бөлімінде қолжетімді.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара қоспайтын бес институционалдық секторға топтастырылады: қаржылық емес корпорациялар секторы; қаржылық корпорациялар секторы; мемлекеттік басқару секторы; үй шаруашылықтарының секторы; үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы. ҰШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. Деректер экономикалық секторлардың бөлінісінде қалыптастырылады: барлық институционалдық бірліктер-резиденттер және олармен жүргізілетін операциялар (басқа елдермен операцияларды қоса) қамтылады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

ҰШЖ 2008 анықтамаларға сәйкес негізгі ұғымдар:

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) - бұл макроэкономикалық шоттардың, активтер мен міндеттемелердің баланстарының, сондай-ақ халықаралық деңгейде келісілген бірқатар тұжырымдамаларға, анықтамаларға, жіктемелерге және есепке алу ережелеріне негізделген кестелердің логикалық дәйекті, үйлесімді және тұтас жиынтығы.

Шығарылым есепті кезеңде экономикаға енген тауарлар мен қызметтердің жиынтық құнын білдіреді.

Аралық тұтыну (АТ) есепті кезеңде өндіріс процесінде трансформацияланатын немесе толық тұтынылатын тауарлар мен қызметтердің құнына тең.

Жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) – өндірістік қызметтің түпкілікті нәтижесін сипаттайды және осы өндірістік процесте өңдеу арқылы қосылған құнды білдіреді. Тауарлар мен қызметтерді шығару мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық ретінде салалар деңгейінде есептеледі, өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құнын қамтиды. Мынадай формула бойынша есептеледі:

ЖҚҚ = жалпы өнім-аралық тұтыну

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) Ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады елдің экономикалық қызметінің түпкі нәтижесі. Мынадай формула бойынша есептеледі:

ЖІӨ = ЖҚҚ + өнімдерге салықтар-өнімдерге субсидиялар

Өнімдерге салынатын салықтар өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтарды қамтиды.

Өнімдерге салынатын салықтарға: қосылған құн салығы, акциздер, импортталатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер және т.б. салықтар жатады

Субсидиялар – тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрін өндірген жағдайда кәсіпорындарға мемлекеттік бюджеттен төленетін ағымдағы өтеусіз төлемдер.

Еңбекке ақы төлеу – жұмыс берушілердің қызметкерлерге есепті кезең ішінде атқарған жұмыстары үшін төлейтін ақшалай және/немесе заттай түрдегі барлық сыйақыларының сомасы.

Өндіріске салынатын басқа да салықтар өнімдерге салынатын салықтардан басқа өндіріс факторларын өндіруге немесе пайдалануға байланысты өндіруші бірліктерге салынатын барлық салықтардан тұрады.

Экономиканың жалпы (таза) пайдасы (ЖП) жұмысшылардың жалақысына мен өндіріске салынатын салықтарды төлеуге байланысты шығыстарды шегергеннен кейін өндірушілерде қалатын қосылған құнның бір бөлігін білдіреді. «Жалпы» немесе «таза» термині бұл жағдайда өндіріс процесінде негізгі капиталды тұтынудың осы көрсеткішті қамтитынын немесе қамтымайтынын көрсетеді.

Үй шаруашылықтарының меншігіндегі кәсіпорындардың өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болатын пайда жалпы аралас кіріс (ЖАК) деп аталады, өйткені ол кәсіпорын иесінің атқарған жұмысы үшін төлемді де, кәсіпкерліктен түскен пайданы да көрсетеді.

Жалпы пайда мен аралас кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$ЖП \text{ және } ЖАК = ЖҚҚ - \text{еңбекақы} - \text{өндіріске салынатын басқа салықтар} - \text{өндіріске арналған басқа субсидиялар}.$

Меншіктен түсетін кірістерге қаржы активтерін, жерді және басқа да қаржылық емес активтерді (жер қойнауы және басқа да табиғи активтер, патенттер, лицензиялар және т.б.) пайдалануға беруге байланысты институционалдық бірліктер алған немесе төлеген кірістер жатады.

Бастапқы кірістердің сальдосы институционалдық бірліктерден-резиденттерден олардың меншіктен өндіріске қатысуы нәтижесінде пайда болатын кірістерді сипаттайды. Ол бірліктер-резиденттер алған және төлеген барлық бастапқы кірістер арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Жалпы экономика деңгейінде жалпы негізде айқындалған бастапқы кірістердің сальдосы, яғни негізгі капиталды тұтыну шегерілгенге дейін жалпы ұлттық кіріске (ЖҰК) тең болады. Таза негізде анықталған бастапқы кірістердің сальдосы, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергенде, таза ұлттық кіріске тең. Жалпы ұлттық кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$ЖҰК = ЖІӨ + \text{басқа әлемнен алынған және берілген, бастапқы кірістердің сальдосы}.$

Бастапқы сальдосы институционалдық бірліктерден-резиденттерден олардың өндіріске меншік құқығынан қатысуы нәтижесінде алынған кірістерді сипаттайды. Ол резиденттер алған және төлеген бірліктердің барлық бастапқы кірістерінің айырмасы ретінде анықталады. Жалпы экономика деңгейінде жалпы негізде, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергенге дейін анықталған бастапқы кірістің сальдосы жалпы ұлттық кіріске (ЖҰӨ) тең. Таза негізде айқындалған, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергендегі бастапқы сальдосы таза ұлттық кіріске тең. Жалпы ұлттық кіріс мына формула бойынша есептеледі:

$ЖҰӨ = ЖІӨ + \text{басқа елдерден алынған және төленген бастапқы кірістерінің сальдосы}$

Қолда бар кіріс институционалдық бірліктің түпкілікті тұтыну және жинақтау үшін алатын кірісті білдіреді. Ол ағымдағы трансферттер ретінде берілген кірістерді және алынған ағымдағы трансферттерді шегергендегі бастапқы кіріс сальдосына тең. Жалпы қолдағы кіріс (ЖҚК) формула бойынша есептеледі:

$ЖҚК = ЖҰӨ + \text{басқа елдерден алынған және төленген трансферттердің сальдосы}$

Трансферт бір институционалдық бірлік тауарды, көрсетілетін қызметті немесе активті (қаржылық немесе қаржылық емес) басқа бірлікке оның орнына тауардың, қызметтің немесе активтің 8 түрі бойынша одан өтемақы алмай берген кездегі операцияны білдіреді. Ағымдағы және күрделі трансферттердің аражігін ажыратады. Олар ақшалай және заттай нысанда өндірілуі мүмкін. Ағымдағы трансферттер келесі негізгі түрлерді қамтиды: кіріске, байлыққа және т.б. ағымдағы салықтар, әлеуметтік сақтандыруға аударымдар, әлеуметтік жәрдемақылар, ерікті жарналар мен капиталдық сипаты жоқ сыйлықтар, айыппұлдар және т.б. Күрделі трансферттер - бұл активтерге (қолма-қол ақша мен материалдық айналым қаражаттарынан басқа) немесе оларды бір институционалдық бірліктен екіншісіне сатып алуға арналған қаражатқа меншік құқығын өтеусіз беруді білдіреді.

Түпкілікті тұтыну шығыстары үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтыну шығыстарынан, мемлекеттік мекемелердің жеке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге, ұжымдық қызметтерге түпкілікті тұтыну шығыстарынан, сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтыну шығыстарынан құралады.

Жалпы жинақтау (ЖЖ) қолда бар кірістің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді түпкілікті тұтынуға жұмсалмаған бөлігін білдіреді. Мына формула бойынша есептеледі:

$ЖЖ = ЖҚТ -$  түпкілікті тұтынуға арналған шығыстар

Таза несиелендіру (+) немесе таза қарыз алу (-) қаржылық емес активтерді таза сатып алуға жұмсалған шығындармен салыстырғанда қаржыландыру көздерінің асып кетуін немесе тапшылығын білдіреді. Жалпы экономика деңгейінде таза несиелеу немесе таза қарыз алу елдің «әлемнің қалған бөлігінің» иелігіне беретін немесе «әлемнің қалған бөлігінің» елге беретін ресурстарының көлемін көрсетеді.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы тұтастай.



#### S.4.8 Қамту уақыты

1998 жылдан бастап уақыт қатарлары бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Ұлттық шоттардың көрсеткіштері (ЖІӨ және оның компоненттерінен басқа) ағымдағы бағаларда ғана қалыптастырылады. ЖІӨ және оның компоненттері үшін базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

Жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

#### S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

##### S.8.1 Құпиялық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және тең түпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

##### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Ұсынылатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдіктерді қамтамасыз ету «Мемлекеттік статистика туралы»

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына, 5 тармағына сәйкес.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Статистикалық жұмыстардың жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі «Әділет» АҚЖ-да еркін қолжетімді («Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 19-бабы).

S.9.2 Графикке қолжетімділік

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі «Әділет» АҚЖ-да еркін қолжетімді .

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты Басты бет/ Экономика/ Ұлттық шоттар.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаналықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы ұлттық шоттары» электрондық кестелері жыл сайын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Басты бет / Экономика/ Ұлттық шоттар/ Электрондық кестелер бөлімінде жарияланады.

S.11.3 On-line режимдегі деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі / Ұлттық шоттар жүйесі / Ағымдағы шоттар және Жинақтау шоттары

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ұсынылатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдіктерді қамтамасыз ету «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 АС2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (Еуропалық қауымдастықтар комиссиясы ЕУРОСТАТ, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік банк жариялаған)

<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген «Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17011 болып тіркелді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы №2 бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы №2 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттардың статистика бойынша деректерінің сапасы мен сенімділігі жалпы қабылданған рәсімдермен қамтамасыз етіледі:

- деректердің халықаралық стандарттарға сәйкес салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсыныстарға сәйкес қалыптастыру;
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамаларын пайдалану;
- статистикалық мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізіледі.

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Төлем балансында экспорт және импорт бойынша қайта есептеу (деректерді нақтылау) кезінде өткен жылдардағы ұлттық шоттар деректерінің сәйкессіздігі бар.

Төлем балансының деректері тоқсан сайын жаңартылып отырады (оның ішінде алдыңғы кезеңдер үшін). Ұлттық Банк Бюроға әлемнің қалған бөлігіне түсімдер мен төлемдер бойынша жаңартылған ақпаратты ұсынады (бастапқы кірістер, қайталама кірістер, күрделі трансферттер). Мысалы, ағымдағы кезеңде Бюро 2022 жылға және

2021 жылға нақтыланған алдын ала деректерді алды, соған сәйкес 2022 жылға арналған ұлттық шоттар толтырылды және 2021 жылға арналған бағалау нақтыланды. Алайда, қазіргі уақытта экспорт пен импорт бойынша жаңартылған деректер негізінде ЖІӨ-ні қайта есептеу жүргізілмейді. Сондықтан (ЖІӨ-нің өндіріс және түпкілікті пайдалану әдістері арасындағы статистикалық алшақтықты ескере отырып) 2021 жылға арналған ұлттық шоттардағы қаржылық емес операциялардың таза несиелеуі (+)/ таза қарызға алуы (-) қайта есептелген таза экспорт құны бойынша төлем балансының ұқсас көрсеткішімен сәйкес келмейді. Қайта қаралғаннан кейін төлем балансында 2021 жылы таза экспорт көлемі 2,2 трлн. теңгеге өсті. Егер ЖІӨ-нің тағы бір бағасын (түпкілікті) жарияланғаннан кейін бір жыл өткен соң қарастыратын болсақ, бұл мәселе шешілетін болады.

Бюро мен Ұлттық Банк арасында институционалдық бірліктерді экономикалық секторлар бойынша жіктеуде сәйкессіздіктер бар, бұл экономикалық секторлар бойынша агрегаттарды бағалау кезінде дәлсіздікке әкеледі.

Ұлттық шоттарды құрастырушылар үшін де маңызды мәселе салық-бюджет есептілігіндегі жіктемелердің сәйкессіздігі болып табылады. ХВҚ-дан Қазақстан Республикасы бюджетінің құрылымын қайта қарау туралы ұсыныс түсті. Сонымен бірге, мемлекеттік басқару секторының (МБС) көрсеткіштерді бағалау үшін ұлттық шоттарда бюджет деректері пайдаланылады. Тиісінше, жалпы өнім, аралық тұтыну, МБС ЖҚҚ сияқты көрсеткіштер бюджет құрылымындағы дұрыс экономикалық сыныптамаға байланысты.

Қазіргі уақытта Бюро аталған мәселелерді шешу үшін басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жүргізуде.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Негізгі пайдаланушылар:

Ұлттық шоттардың деректері экономикалық саясатты бақылау және шешім қабылдау, болжау, әкімшілік мақсаттар үшін және жалпы жұртшылықты ақпараттандыру және экономикалық зерттеулер үшін негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерін пайдаланушылар, әдетте, орта мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға мүдделі. Негізгі пайдаланушылар: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі; мемлекеттік органдар; ғылыми-зерттеу институттары; халықаралық ұйымдар (ЕАЭО, Статкомитет ТМД және т.б.); университет оқытушылары, студенттер және т.б.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформа агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жыл сайын Q-002 «Пайдаланушы сауалнамасы» бойынша ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылар арасында сауалнама жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы – үлес

ҰШЖ 2008 халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (бақылау түрін ескере отырып толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының құрылымдық бірліктерінен және мемлекеттік органдардан алынған әдістемелік ұсынымдарды сақтаумен және деректер көздерінің әдіснамалық негізділігімен қамтамасыз етіледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі – индикаторлар/A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру-үлес.

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер – арақатынас.

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі.

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі.

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 ТП1. Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Деректер есепті кезеңнен кейінгі 12-айда жарияланады (Т+12).

S.16.1.2 ТП2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Қорытынды деректер есепті кезеңнен кейін 2 жылдан кейін.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ТР3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыс жоспарына және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалылық

Халықаралық деңгейде салыстыруға болады, өйткені есептеулер 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қабылданбайды.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтығы/СС2

1998 жылдан бастап.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық басқармасы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы әзірлеген 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесінің әдістемесіне сәйкес жүргізілуі бірыңғай ұғымдардың, анықтамалардың, жіктемелердің және бағалау әдістердің қолдануын қамтамасыз етеді.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесінде ұлттық шоттар деректері арасында сәйкестік бар. Дегенмен, әртүрлі деректер көздерін пайдалану себебінен толық сәйкестік әрқашан мүмкін емес.

## S.19 Жүктеме

Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлері жасайды. Көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың, ведомстволық және әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады. Басқа статистикалық жұмыстармен қайталану жоқ.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Бағалау сапасын жақсарту мақсатында 2025 жылдан бастап жылдық ЖІӨ-нің үшінші бағасын қамтамасыз ету жоспарлануда («Ресурстар-пайдалану» кестелері негізінде), ол ұлттық шоттар бойынша электрондық кестелерді қалыптастыру дереккөзі болып табылады. Сондай-ақ, өткен жылдардағы ЖІӨ-ні қайта есептеу кезінде, ұлттық шоттар да қайта есептеледі.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Қалыптастыру үшін бастапқы деректермен ұлттық шоттардың болып табылады:

- үш әдіспен есептелген ЖІӨ компоненттері (өндіріс, кірістер және түпкілікті пайдалану)

- салалық статистиканың деректері
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы секторы ұйымдарының (ЕДБ, сақтандыру ұйымдары) кірістері мен шығыстары туралы мәліметтері, ҚР төлем балансы
- Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептер (ҚР Қаржы министрлігі)
- Ұлттық қордың түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп (ҚР Қаржы министрлігі)
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Медициналық сақтандыру қорының, жәбірленушілерге өтемақы қорының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы есептер.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Ұлттық шоттар Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлерімен қалыптастырылады. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың нәтижелері салалық департаменттерден Excel кестесі түрінде алынады. Ведомстволық және әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде, ресми сұраулар бойынша және деректер көздерінің ресми сайттарынан Excel кестесі түрінде алынады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалық статистикадан, ведомстволық және әкімшілік көздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру барысында алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

#### S.21.5 Импутация – бөлісу /A7

Қолданылмайды.

#### S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер.

Қолданылмайды.

#### S.22 Ескерту

Болашақта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.